

ЖПІС «Кенесары 07» Балбобек жеке балабақнасы

«Береке –бірлікте, ырыс- ынтымақта»

Тәрбиеші: Шынғалиева Г.Х

2024 жыл

Мақсаты: Балаларға 1- мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтерін, өздеріне ұнайтын шар, жазаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, сурет салу.

Көрнекіліктер: Әр ұлт өкілдерінің суреттері, шарлар, сурет салу құралдары.

Бірлік пен ынтымағы халықтың -
Көгімізде жарасқан жарық күн!
Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,
Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!

- дей келе Қазақстан халқының бірлігіне арналған «Береке-бірлікте, ырыс-ынтымақта» атты мерекемізді тамашалауға шақырамыз.

Мотивациялық қозғаушы:

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем мезгілі.
- Дұрыс айтасыздар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші.
- 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі.
- Жарайсындар, сендер жақсы біледі екенсіңдер, естеріңе жақсы сақтап қалыпсындар. Осы көкте мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні. Бұл мереке бұрын бүкіләлемдік «Еңбекшілер күні» болып тойланды. Қазір ол «Дүниежүзілік ынтымақтастық күні» болып есептеледі.

Іздену ұйымдастырушы:

- Балалар біздің ұлтымыз қандай?
- Қазақ
- Біз қай тілде сөйлесеміз?
- Қазақ тілінде.
- («Елім менім» атты ән орындалады)
- Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт-дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. (Әр ұлт өкілдерін сурет арқылы таныстыру.)

Тақпақтар:

Саяна

Жан біткендей жас тауға,
Шуақ ойнап арайлы.
Күн күлімдеп аспанда,
Мамыр әні тарайды.
Жайдары жаз түрге өсіп,
Жалыратты жанымды.
Жер-дүние тербеліп,
Дала, қала құлпырды.

Айдана

Болсын жер мен су да ортақ,
Болсын біздің ту да ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.

Асанәлі

Сары, ақпыз, қарамыз,
Бәрімізде баламыз.
Біз Отанда тұрамыз,
Біз мектепке барамыз.

Мадияр

Алтай, Кавказ ұласып,
Бауырайы кен жатыр.
Бакытты әні асқақтап,
Құлаққа даусы кен жатыр.

Жаусар

Қырғыз, казак, өзбектер,
Монғол, ұйғыр, дүнгендер,
Армян, тәжік, грузин,
Орыс пенен украин,
Терезесі тең жатыр.

Данияр

Енді бүгін карасам,
Айнадам бакыт кен жатыр.
Бірімен-бірі туысқан,
Қол ұстасқан ел жатыр.

Даиана

Достығымыз жарасқан,
Ақпыз, кара, сарымыз.
Қара жер мен көк аспан,
Ортақ дала тауымыз.

Нүрәділ

Ортақ жұтар ауамыз,
Ортақ жарық күніміз.
Достық туған анамыз,
Жердің қызы, ұтымыз.

Сергіну сәті:

Ортақ мекен жер шары,
Тобемізде бір аспан.
Барлық ұлттың бадасы,
Достығымен жарасқан. (өлеңге сәйкес кимылдар жасайды)

Дидактикалық ойын: «Қай ұлттың бас киімі?»

Ойын шарты: Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.

Балалар, ертең біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?

- Шар, жалауша.
- Дұрыс айтасыздар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың суретін салайықшы.
- Жалауша қандай пішінге ұқсайды?
- Тіктөртбұрышқа
- Түсі қандай болады?
- Көк болады.
- Домалақ, сопақша.
- Түстері қандай болады?
- Қызыл, көк, жасыл, т.б

Жарайсыңдар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен. Қане алдарыңдағы қағазға өздеріңе ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық. (Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салады)

Жарайсыңдар балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетіне жақсы қатыстыңдар. Бір-біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата – аналарың аман болсын. Ал мен сендерге ертең 1 мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша мен гүл берейін. Ертеңгі мерекеде әдемі болып жүріңдер.

